

**Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды тестілеудің және аттестаттаудың кейбір мәселелері туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 605 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12588 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 29.05.2020 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 141-1 бабының 1 тармағы және 167-бабының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды тестілеу және аттестаттаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және оның мерзімді баспа басылымдары мен "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жауапты хатшысы М.Б. Бекетаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Министр*

*Б. Имашев*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы  
№ 605 бұйрығымен  
бекітілген

# **Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды тестілеу және аттестаттаудан өткізу қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды тестілеу және аттестаттаудан өткізу тәртібін белгілейді.

2. Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер және тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық әділет органдары жанында (бұдан әрі – аумақтық әділет органдары) құрылатын жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау бойынша комиссияда (бұдан әрі - Комиссия) тестілеу және ауызша әңгімелесу (бұдан әрі – аттестаттау) өтеді.

## **2-тарау. Аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Аттестаттауды өткізу туралы хабарландыру (бұдан әрі - хабарландыру) аумақтық әділет органының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Хабарландыруда мынадай мәліметтер:

аумақтық әділет органының орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефондары;

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 20 ақпанда № 10308 болып тіркелген) біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесіне сәйкес үміткерге қойылатын негізгі талаптар; құжаттарды қабылдау тәртібі мен мерзімдері;

аттестаттаудың өткізілетін орны;

аттестаттаудың қарауына ұсынылатын құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

4. Жеке сот орындаушысының қызметімен айналысу үшін аттестаттаудан өтуге жіберу туралы өтініш "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Комиссияға осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тапсырылады.

Өтінішке келесі құжаттар тіркеледі:

1) жеке сот орындаушысының қызметімен айналысу үшін аттестаттаудан өтуге электронды толтырылған осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тапсырылады;

2) наркологиялық және психиатриялық ұйымдардан үміткердің тұрғылықты жері бойынша, оларды ұсынғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде берілген анықтамалар.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не құжаттар топтамасы толық берілмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне келіп түскен өтініш ұсынылған құжаттармен қоса түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей, қайтару себебі туралы жазбаша хабарламамен бірге үміткерге қаралмай қайтарылады. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту электрондық құжат нысанында, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Өтінішті қарамай қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда, құжаттар Комиссияның қарауына жіберіледі.

Заңның 140-бабы 2-тармағында көзделген негіздер бойынша аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді аумақтық әділет органдары құжаттар келіп түскен күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей үміткерге жібереді.

### **3-тарау. Аттестаттау өткізудің тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Аттестаттау өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық әділет органдары:

1) аттестаттауға жіберілген үміткерге аттестаттаудың өту орны, күні, уақыты, тәртібі туралы жазбаша хабарлайды;

2) өзінің интернет-ресурсында аттестаттауға жіберілген үміткерлер тізімін, оны өткізу тәртібін, үміткерлерді іріктеу рәсімдерінің ұзақтығы мен мәні орналастырады.

Комиссия отырысына келген кезде үміткердің өзінде оның жеке басын куәландыратын құжаты болуы қажет.

Аттестаттау қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

8. Аттестаттауды өткізу кезінде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Әділет департаменттері жанындағы Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы (бұдан әрі - Комиссияның хаттамасы) жүргізіледі.

9. Аттестаттаудан өту кезінде үміткердің анықтамалықты, арнайы және өзге де әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ электрондық жеткіште қандай да бір жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

Көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, үміткер аттестаттаудан шеттетіледі, ол туралы Комиссия отырысының хаттамасында тиісті жазба жүргізіледі.

10. Аттестаттаудан шеттетілген үміткер Комиссия шешімі шығарылған күннен бастап үш ай өткен соң осы Қағидалардың 4 және 7-тармақтарында көзделген тәртіппен өтінішті қайта береді.

11. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі компьютерлік тестілерге ( бұдан әрі - тест) енгізілуі тиіс және бір дұрыс жауабымен кемінде үш нұсқасы бар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексін, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін және Заңды білуіне сұрақтар тізбесін жасайды.

12. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуіне тест тапсыру;

2) үміткердің білімін ауызша әңгімелесу түрінде тексеру.

Үміткер өз қалауы бойынша тестілеуден қазақ немесе орыс тілінде өтеді.

Тестілеуден өту үшін сұрақтардың жалпы саны 100-ді құрайды.

Тестілеу үшін берілген уақыт тоқсан минутты құрайды.

13. Егер дұрыс жауаптардың саны сұрақтардың жалпы санының 70 және одан артығын құраса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

14. Тестіні тапсыру нәтижелері екі данада басылып шығарылады және тестілеу аяқтала салысымен бірден үміткерге жеке қол қойдыру арқылы танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

15. Үміткерлердің білім деңгейін айқындау үшін сұрақтар тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жасайды. Ауызша әңгімелесуді жүргізу барысында Комиссия үміткерге жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу үшін білуді қажет ететін құқықтық тәртіп тақырыбына сәйкес келетін кемінде үш сұрақ қояды.

Тестілеу мен ауызша әңгімелесудің сұрақтар тізбесі құпия ақпарат болып табылады және еркін жариялауға жатпайды.

16. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің басым дауысымен тиісті шешім қабылданады.

17. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады. Комиссия мүшелері дауыс беруден қалыс қалмайды.

Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Комиссия мүшесі пікірін еркін жазбаша нысанда баяндайды, Комиссия шешім шығарған кезде оны да ескереді.

Комиссия мүшелерінің берген дауыстары тең түскен жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Аттестация нәтижелері бойынша Комиссия екі жұмыс күні ішінде дәлелді шешім шығарады, ол Комиссия хаттамасымен ресімделеді.

19. Комиссия хаттамасының көшірмесі аттестаттау өткен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберіледі.

20. Комиссияның оң нәтижесін алған үміткерлердің, сондай-ақ өтпеген және конкурсқа келмегендердің тізімі Комиссия хаттамасына қол қойылғаннан кейін келесі күннен кешіктірілмей, аумақтық әділет органының интернет-ресурсына жарияланады.

21. Дәлелді себеппен аттестаттауға келмеген және келесі аттестаттауға қатысуға ниет білдірген үміткер осы Қағидалардың 4-тармағымен көзделген тәртіпте Комиссияның келесі отырысына шақыртылады.

Үміткер қайтадан келмеген жағдайда, оның арызы қараусыз қалдырылады және аттестаттау өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органы қоса берілген құжаттармен бірге қайтарады.

22. Аттестаттаудан өтпеген үміткерлерге келесі аттестаттауға қайтадан қатысу үшін кедергі болмайды.

23. Аттестаттау жүргізілген кезде туындаған даулар сот тәртібінде қаралады.

"Тағылымдамадан өткен және  
жеке сот орындаушысы  
қызметімен айналысу  
құқығына үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызметтер стандартына  
1-қосымша

Нысан

Жеке сот орындаушысы  
қызметімен айналысуға үміткер  
тұлғаларды аттестаттау  
бойынша комиссия төрағасына  
Өтініш беруші

---

(тегі, аты, әкесінің аты  
(болған кезде)  
Ж.С.Н.

---

(мекенжай)

## **Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу үшін аттестаттауға жіберу туралы өтініш**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Маған жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия алу үшін аттестаттаудан өтуге рұқсат етуді сұраймын.

Өтініш берушіге заңмен көзделген лицензияланған қызметтердің түрлерімен айналысуға сотпен тыйым салынбағанын, қосымшаға тіркелген барлық құжаттар шындыққа жанасатынын және жарамды екенін растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде, қызмет алушы мемлекеттік ақпараттық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын құжаттарды пайдалануға келісім беремін, ұсынылған жеке мәліметтердің жарамдылығы және шынайылығы үшін жеке жауапкершілік аламын.

---

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

"Тағылымдамадан өткен және  
жеке сот орындаушысы  
қызметімен айналысу құқығына  
үміткер адамдарды

аттестаттаудан өткізу"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызметтер стандартына  
2-қосымша  
Нысан

## **Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға аттестаттаудан өту үшін мәліметтер нысаны**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қызмет алушы туралы мәліметтер
Білімі (қашан және қандай оқу мекемелерін бітірді, дипломдардың нөмірлері). Диплом бойынша біліктілігі және мамандығы Шетел білім беру мекемелерімен берілген дипломдар үшін, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес нострификациялау және тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжаттар туралы мәліметтер
Жеке сот орындаушысында тағылымдамадан өту туралы мәліметтер (аттестаттаудан өткен тұлғалармен толтырылады) күні, айы, жылы, аумақ және тағылымдама нәтижесі

"Тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандартына  
3-қосымша  
Нысан

## **Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**

\_\_\_\_\_ Әділет департаменті жанындағы

## **Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер тұлғаларды аттестаттау**

### **бойынша комиссия отырысының хаттамасы**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 01.02.2018 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төрағалық еткен: (лауазымы, тегі, инициалдары)  
Қатысқандар: комиссия мүшелері: (лауазымы, тегі, инициалдары)

## **КҮН ТӘРТІБІ:**

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу үшін аттестаттауға қатысатын үміткерлерді іріктеу.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 141-бабы 1-тармағына сәйкес  
Комиссия тағылымдамадан өткен және жеке сот орындаушысы қызметімен  
айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізді, аттестаттау қорытындысы  
бойынша Комиссия шешім қабылдады:

1. Мына үміткерлер: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға аттестаттаудан өтті деп  
есептелсін.

2. Мына үміткерлер: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға аттестаттаудан өтпеді деп  
есептелсін.

3. Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға аттестаттауға мына  
үміткерлер

келген жоқ: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

4. Екі жұмыс күні ішінде аталған хаттаманың көшірмесін Қазақстан  
Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, инициалдары)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, инициалдары)

М.О. (бар болса)

Хатшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, инициалдары)

20\_\_ жыл " \_\_\_\_\_ "

\_\_\_\_\_ (хаттаманың шыққан күні)